

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 56. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі (бұдан былай - Тұрғынқұрылысбанк) тұрғын үй саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік банк, өзінің есеп айырысу шоты және мөрі бар дербес заңды тұлға болып т а б ы л а д ы .

2. М.О.Сағындықова Қазақстан Республикасы Тұрғынқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы - президенті болып тағайындалсын.

3. Тұрғынқұрылысбанкі басқармасының жарғысы мен құрамы N 1 және N 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

4. Тұрғынқұрылысбанкі жүйесіндегі лауазымдық жалақылар республикалық акционерлік банктердің еңбекақысы ставкаларының деңгейінде белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қазақстан Республикасы Тұрғынқұрылысбанкінің жарғылық қорын қалыптастыруға Президенттің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығында осы мақсатқа көзделген қаражаттан тыс 10 млн. теңге бөлу туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

6 . < \* >

*Ескерту. 6-тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.06.12. N 813 қаулысымен .*

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Тұрғынқұрылысбанкіні қажетті телефон байланысымен және автоматты халықаралық телефакс байланысымен қамтамасыз етсін, көрсеткен қызметі үшін өтемді теңгемен алатын болсын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

*бірінші орынбасары*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р      К а б и н е т і н і ң

1994 жылғы 11 қаңтардағы

№ 56 қаулысына

№1 қосымша

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тұрғын үй құрылысы Банкінің (Тұрғынқұрылысбанк)

### Жарғысы

#### I. Жалпы ережелер

Осы Жарғы "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерінің негізінде әзірленді.

1. Тұрғын үй құрылысы банкі (Тұрғынқұрылысбанк), бұдан әрі "Банк" делінеді, Мемлекеттік даму банкі болып табылады және Қазақстан Республикасының біртұтас банк жүйесіне кіреді.

Банк құрудың мақсаты тұрғын үй саласын және оны қаржыландыру мен оған кредит берудің біртұтас жүйесін дамыту болып табылады.

Банк халықтың қалың тобына тұрғын үй салу, жаңарту, жөндеу немесе сатып алу үшін ұзақ мерзімді кредитке кең жол ашады, коммерциялық және басқа құрылыс салушыларға кредит беруді жүзеге асырады.

Банк тұрғын үй шараларына ипотекалық кредит берілуін, сондай-ақ несие-жинақ кассалары жүйесі арқылы индекстелген кредит беруді ұйымдастырады.

Жеңілдікті процент ставкалары бойынша ипотекалық кредит беруге, халықтың қаражатын индекстелетін несие-жинақ шоттарына тартуға мемлекет тарапынан кепілдік жасалады.

2. Банктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті болып табылады.

3. Банк өзінің алдағы қызметіне Президенттің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығын, "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген басқа да заңдарын, халықаралық нормаларды, Ұлттық банктің нормативтік актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

4. Банк заңды тұлға болып табылады, толық шаруашылық есеп принциптерінде қызмет атқарады, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясын алғаннан кейін банк операцияларын жүргізе бастайды.

Банктің ашылғаны туралы хабар баспасөзде жарияланады.

Банк операцияларды ақылы негізде жүзеге асырады, иелігінде оқшау мүлкі болады, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады, сотта, төрелік немесе аралық сотта өзіне жауапкершілік алады, қуынушы әрі жауапкер болады.

5. Алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан сырт жерлерде Ұлттық банктің рұқсатымен өзінің филиалдарын және еншілес банктерін құрады, сондай-ақ кейіннен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін хабардар ете отырып өзінің өкілдіктерін ашады.

Банктің филиалдары заңды тұлға бола алмайды және олардың дербес балансы болмайды, олар жасайтын шаруашылық қызметтің жеке баланстары Банктің жиынтық балансына кіргізіледі.

Филиалдар қызметін өздеріне Банк табыстаған құқықтардың шегінде әрі Банк Басқармасы бекіткен осы мекемелер туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады, өздерінің жоғары тұрған органдарына ғана есеп береді.

Банктің шет елдерде ашылған филиалдарының қызметін олар барып отырған елдің Орталық банкі осы елде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттейді.

6. Банктің банк мекемелерінің, банк одақтары мен қауымдастықтарының құрылтайшысы немесе қатысушысы бола алады, сондай-ақ ол ақшалай және кредит түріндегі тәуекелді сақтандыруға қатыса алады.

7. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі барлық мүлкімен жауап береді.

Банк өзіне осындай жауапкершілік алған жағдайлардан басқа уақытта мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Банк өзінің клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары, шоттары мен салымдары бойынша құпияны сақтауға кепілдік береді.

Банктің барлық қызметкерлері Банктің, оның клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары, шоттары мен салымдары бойынша құпияны сақтауға міндетті.

Банк клиенттерінің операциялары мен шоттары бойынша анықтамалар шоттардың иелері немесе олардың заңды өкілдерінен басқа соттарға, төрелік соттарға, жауап алу, тергеу және прокуратура органдарына, аудиторлық ұйымдарға, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша салық органдарына ғана заңда белгіленген тәртіппен беріледі.

Клиенттердің Банктің қолындағы ақша қаражаты мен басқа да мүлкіне қолданылып жүрген заңдарда көзделген негізде және тәртіп бойынша ғана тұмша салынып, өндіріп алу шарасы қолданылуы мүмкін.

9. Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген дөңгелек мөрі, қазақ және орыс тілінде өзінің атауы жазылған штамптары, бланктері мен эмблемасы болады.

Банк Басқармасының орналасқан жері: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100.

## **II. Банктің міндеттері**

10. Банк тұрғын үй құрылысын дамытуға, ұзақ мерзімді ипотекалық кредит беруді, тұрғын үй несие-жинақ шоттарын және тұрғын үй құрылысына, қысқа мерзімді кредит беруді енгізуге, бағалы қағаздар нарығын игеруге, ипотекалық кепілдемелердің қайталама нарығын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

11. Банк қаржыландыру мен кредит беру, есептесу, халыққа сондай-ақ тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй сату және әлеуметтік, инженерлік әрі көлік инфрақұрылымын дамыту саласында жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар мен ұйымдарға меншік нысанына қарамастан қассалық қамту мен басқа да банк қызметін көрсету жолымен жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады.

Банк тұрғын үй құрылысына халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік қаржысын белсендірек тартуға жәрдемдеседі, азаматтар үшін несие-жинақ шоттарын және оларға индекстелген кредиттердің берілуін, тұрғын үй іс-шараларына ипотекалық кредит берілуін ұйымдастырады.

### **III. Банктің меншік қаражаты**

12. Банктің меншік қаражаты жарғылық, Резервтік, Сақтандыру қорларынан және басқа қорлар мен резервтерден құралады.

13. Банктің жарғылық қоры 20 млн. теңге мөлшерінде жарияланып отыр.

Банктің жарғылық қорының 100 проценті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиесілі.

Қазақстан Республикасының Қаржымині жыл сайын республикалық бюджеттен жарғылық қорды ұлғайтуға қаражат бөледі. Сонымен қатар Банк Басқармасы жарғылық қорды ұлғайту жөнінде шешім қабылдауға хақылы.

Жылдың қорытындысы бойынша есептелген пайданың 25 проценттен кем болмайтын мөлшері жарғылық қорды ұлғайтуға жұмсалады.

14. Банк белгіленген тәртіппен акциялардан басқа жарғылық қордың жиырма бес процентінен аспайтын сомаға заңды және жеке тұлғалардың арасында тарату үшін облигациялар мен басқа да бағалы қағаздар шығаруға хақылы.

15. Банк пайдадан, оның ішінде шетел валютасынан алынған пайдадан жасалатын аударымдардың есебінен барлық деңгейдегі құрылымдар үшін бірыңғай аударымдар бойынша Резервтік, Сақтандыру қорларын және басқа қорлар мен резервтер құра алады.

16. Банктің қаражатын, қорлары мен резервтерін пайдалану тәртібі Банк Басқармасы бекіткен тиісті ережелерге сәйкес реттеледі.

### **IV. Клиенттердің мүддесін қамтамасыз ету**

17. Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген экономикалық нормативтерге сәйкес өз балансының құрылымын реттеу жолымен өзіне қабылдаған міндеттемелерді уақтылы әрі толығымен орындауға әрдайым әзір т ұ р а д ы .

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген ең төменгі резервтік талаптардың нормативтеріне сәйкес Қазақстанның банк жүйесінің кредит ресурстарын реттеу қорындағы тартылған ақша қаражатының бір бөлегін Республиканың Ұлттық банкінде сақтап қояды.

#### **V. Банктің кредит ресурстары**

19. Банктің кредит ресурстары:

а) Банктің меншік қаражатынан (одан сатып алынған негізгі қорлардың құны, басқа банктердің пайлар мен акцияларға салымдары және жұмылдырылған қаражат алынып тасталады);

б) экономиканы өзгерту қорының қаражатынан;

в) мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынған қаражаттан (20 проценттен кем емес);

г) жұмыспен қамту қорының қаражатынан (15 процент);

д) Ұлттық банктің кредит ресурстарын реттеу қорының қаражатынан (20 проценттен кем емес);

е) клиенттердің Банктегі шоттарындағы қаражаттан;

ж) басқа банктердің кредитінен;

з) басқа да тартылған қаражаттан құралады.

Кредит беру ресурсы ретінде Банктің операциялық жыл ішіндегі бөлінбей қалған пайдасын жұмсауға болады.

#### **VI. Банк операциялары**

20. Операциялар жүргізу және ақша қаражатын сақтау үшін Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің мекемелерінде және басқа елдердің банктерінде корреспонденттік шоттар ашады.

21. Банк мынадай операцияларды:

тұрғын үй құрылысын және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын қаржыландыру мен кредит беруді;

қайтарым, жеделдік, ақылық шартымен, болашақ тұрғын үйдің немесе қолдарындағы басқа да жылжымайтын мүліктің кепілдігіне заңды және жеке тұлғаларға қысқа және ұзақ мерзімді кредиттер беруді, қажет болған жағдайда банк іс-тәжірибесінде қабылданған кредиттерді қайтаруды қамтамасыз етудің басқа да нысандарын қолдануды;

ақылы негізде депозиттер тартуды;

клиенттердің және корреспондент банктердің шоттарын жүргізуді;

клиенттердің және корреспондент банктердің тапсыруы бойынша есеп айырысуды, оларға кассалық қызмет көрсетуді;

заңда көзделген тәртіп бойынша өзінің бағалы қағаздарын (чектерді, вексельдерді, аккредитивтерді, депозиттік сертификаттарды және басқа

қарыздарлық міндеттемелерді) шығаруды;

төлем құжаттарын, өзге бағалы қағаздарды сатып алу, сату мен сақтауды және клиенттердің тапсыруы бойынша олармен басқа да операцияларды;

үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындауды көздейтін кепілдер, кепілдіктер және өзге міндеттемелер беруді;

банк операциялары бойынша делдалдық қызмет көрсетуді, клиенттердің тәуекел жасауы бойынша агент ретінде қызмет жасауды;

клиенттердің тапсыруы бойынша сенім операцияларын (қаражат тарту және орналастыру, бағалы қағаздарды басқару және т.б.) жүргізуді;

банк қызметіне қатысты консультациялық қызмет көрсетуді;

басқа да банк операцияларын жүргізуді іске асырады.

22. Қазақстан Республикасының Ұлттық банктен алынған лицензияға сәйкес Банк шетел валютасындағы операциялардың мынадай түрлерін:

республикалық, шетелдік, халықаралық банктердің және басқа ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың қаражатын қабылдап алып шоттарға салымдарға орналастыруды; олардың сақталуы мен құпиясын қамтамасыз етуді;

өз кепілдігімен шетелдік және халықаралық банктер мен басқа да ұйымдардан халықаралық банк іс-тәжірибесінде қолданылатын нысанда шетел валютасындағы кредиттер мен заемдар тартып, банктер мен ұйымдарға беруді, сондай-ақ вексельдер, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және Банктің өзге де қарыздарлық міндеттемелері түрінде алынған кредиттер, заемдар бойынша қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

заңды және жеке тұлғалардан шетел валютасындағы төлем құжаттарын сатып алу мен сатуды, сондай-ақ осы құжаттар мен өзге де мәмлелер және банк операциялары жасалуын жүргізуді;

халықаралық және ішкі валюта биржалары мен аукциондарында шетел валютасын сатып алу мен сатуды;

шет мемлекеттердің банктерімен корреспонденттік қатынастар орнату жөнінде банкаралық келісімдер жасасуды;

клиенттерге шетел валютасында кассалық қызмет көрсетуді;

сыртқы саудаға және сыртқы экономикалық операциялардың басқа да түрлеріне қатысты операцияларға кредит беруді;

корреспондент банктердің тапсыруы бойынша халықаралық есеп айырысулардың барлық түрлерін жүргізуді;

халықаралық банк іс-тәжірибесіне сәйкес сауда және сауда емес операциялар ж а с а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

23. Банктің клиенттерімен қарым-қатынастардағы құқықтық негіз Банк қызметін көрсетуге арналған шарт болып табылады, онда тараптардың өзара міндеттемелері мен экономикалық жауапкершілігі, несие бойынша проценттік

ставка мен кепілдік, Банктің клиенттеріне ақпарат беруі және басқа шарттар белгіленеді.

Алынған кредиттерді уақтылы қайтару жөніндегі өзінің міндеттемелерін орындамаған қарыз алушыларды Банк Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес төлем қабілеті жоқ деп жариялауы мүмкін.

## **VII. Банктің пайдасын бөлу**

24. Банктің пайдасы оның қызметінің барлық түрлерінен алынған табыстардан құралады, бұдан өзіндік құнға жатқызылған шығыстар алынып тасталады.

Салықтар мен төлемдерді жасағаннан кейін қалған Банктің таза пайдасы Банк Директорларының кеңесі белгілеген тәртіп бойынша пайдаланылады.

## **VIII. Қазақстан Республикасы тұрғын үй құрылысы банкінің құрылымдары мен басқару органдары**

25. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Жарғыны бекітіп, оған өзгерістер енгізеді, бұлар белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде тіркеледі.

Тұрғынқұрылысбанкінің құрылымы:

Тұрғынқұрылысбанкі республикалық банктен, оның құрылымдық бөлімшелері болып табылатын департаменттерден, облыстық басқармалардан және өзінің жергілікті жерлердегі филиалдарынан тұрады.

Банктің өз міндеттерін жүзеге асыруы үшін Басқармасы, Банк департаменттерінің директорлары, Банктің жоғары тұрған органдары тағайындайтын жергілікті жерлердегі бағынысты органдарының басшылығы болады.

Тұрғынқұрылысбанкінің Басқармасы және оның өкілеттіктері:

Тұрғынқұрылысбанкінің жоғары басқару органы Тұрғынқұрылысбанкінің Төрағасы-президенті басшылық ететін Басқарма болып табылады.

Тұрғынқұрылысбанкінің Басқармасы:

а) тұрғын үй саласында біртұтас мемлекеттік қаржы-кредит саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

б) Банктің қызметіне байланысты Тұрғынқұрылысбанкі әзірлеген нормативтік актілерді бекітеді;

в) Банктің операциялары бойынша проценттік ставкаларды белгілейді;

г) Банктің жұмысы туралы есепті, банк қызметінің жылдық балансын, пайда мен шығындарының шоттарын қарайды;

д) Тұрғынқұрылысбанкі туралы Ережені, Банктің құрылымын бекітеді және банк департаменттерінің директорларын тағайындайды;

е) Банк Басқармасы өзінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша мәжілісіне мүшелерінің үштен екісінен кем емес адамдар қатысқан жағдайда шешімдер қабылдауға хақылы. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Тұрғынқұрылысбанкi Басқармасының Төрағасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетi тағайындайды.

Тұрғынқұрылысбанкi Басқармасының Төрағасы өз өкiлеттiгiнiң шеңберiнде Тұрғынқұрылысбанкiнiң қызметi және бүкiл Банк жүйесi үшiн жауап бередi. Банк Басқармасының Төрағасы Банк Директорлығының мәжілісін жүргізуге хақылы. Тұрғынқұрылысбанкiнiң Төрағасы Банк қызметiнiң мәселелерi бойынша оперативтiк және атқарушы-әкiмшiлiк шешiмдер қабылдау, Тұрғынқұрылысбанкiнiң атынан контракттар жасасу, барлық заңдық рәсiмдерде Тұрғынқұрылысбанкiн бiлдiредi.

Тұрғынқұрылысбанкi Басқармасының мүшелерi:

Тұрғынқұрылысбанкiнiң Басқармасы 9 адамнан тұрады.

Тұрғынқұрылысбанкi Басқармасының құрамына Тұрғынқұрылысбанкiнiң Төрағасы мен оның орынбасары - атқарушы директор, екi орынбасар - Тұрғынқұрылысбанкi департаменттерiнiң директорлары, Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінен екi өкiл, Қаржы министрлігінен, Экономика министрлігінен, Қазжинақ банкiнен бiр-бiрден өкiл кiредi.

Басқарма мүшелерiн Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетi б  
ж  
ы  
л  
ғ  
а  
т  
а  
ғ  
а  
й  
ы  
н  
д  
а  
й  
д  
ы  
.

Тұрғынқұрылысбанкi Басқармасының мүшелiгiне Құрылыс министрлігінен, Қаржы министрлігінен, Экономика министрлігінен, Қазжинақбанкiнен кандидатураларды тиiсiнше Банктердiң Төрағалары, Министрлер ұсынады.

Тұрғынқұрылысбанкiнiң Төрағасы орнында болмаған кезде Басқарманың жұмысына оның орынбасары басшылық етедi.

Тұрғынқұрылысбанкiнiң директорлығы мен оның өкiлеттiктерi:

Тұрғынқұрылысбанкiн оперативтi басқару органы Атқарушы директор (Тұрғынқұрылысбанкi Төрағасының орынбасары) басшылық ететiн Тұрғынқұрылысбанкiнiң директорлығы болып табылады.

Д и р е к т о р л ы қ :

а) осы Жарлыққа сәйкес Банк Басқармасы қарауға тиiс барлық мәселелердi алдын ала қарайды, солар бойынша тиiстi материалдар, ұсыныстар және шешiмдердiң жобаларын әзiрлейдi;

б) Банктiң орталық аппаратының құрылымдық бөлiмшелерiнiң, филиалдары мен өкiлдерiнiң қызметiне басшылық ету мәселелерiн шешедi;



в) Банктің қолданылып жүрген заңдарды сақтауына бақылау жасайды және құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

г) кіріс, шығыс және пайда жоспарларын, Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттарын бекітеді.

26. Басқарма бекіткеннен кейін банктің жылдық балансы, кірісі мен шығысының шоттары баспасөзде жарияланады.

Банктің операциялық (қаржы) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

### **IX. Банк қызметін тексеру және тексеріс жүргізу**

27. Банктің шаруашылық-қаржы қызметіне тексеруді Аудиторлық фирма жүзеге асырады.

28. Аудиторлық фирма жыл сайын Банктің заңдар мен өз қызметін реттейтін басқа да актілерді сақтауын, Банктің ішіндегі есепке алу мен бақылау жұмысының жолға қойылуын, Банктің жыл ішінде жүргізген кредит, есеп айырысу, валюта және басқа операцияларын (штаттық немесе іріктеп тексеру арқылы), кассасы мен мүлкінің жай-күйін тексеріп отырады.

Аудиторлық фирма жүргізілген тексеру туралы есеп береді, қажет болған жағдайда кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды, сондай-ақ бекітуге берілген баланс және пайда мен шығын туралы шоттың банктегі нақты жағдайға сәйкес келетіні туралы тұжырымды қоса береді.

Аудиторлық тексерістер Банк Басқармасы бекіткен жоспар бойынша жүргізіледі.

29. Банк қызметіне бақылауды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, қаржы және басқа органдар жүзеге асырады.

30. Банктің және оның құрылымдық бірліктерінің қызметін тоқтату қайта құру немесе тарату нысанында жүзеге асырылады.

31. Банкті қайта құру Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

Банкті қайта құрған жағдайда оның құқықтары, міндеттемелері, мүлкі мен ақша қаражаты Банк құқығын иеленушілерге көшеді.

32. Банктің қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен тоқтатылады, ал Республиканың Министрлер Кабинеті Банкті тарату комиссиясын тағайындап, тарату тәртібін белгілейді.

Таратылатын Банктің мүлкі еңбекақы жөнінен персоналымен есеп айырысқаннан, салымшылар, бюджет, банктер, Банктің акцияларының, облигацияларының және өзге бағалы қағаздарының иелері алдындағы

міндеттемелерін орындағаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржыминіне  
б е р і л е д і .

Банкті тарату туралы хабарландыру баспасөзде жарияланады.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 4        ж ы л ғ ы        1 1        қ а ң т а р д а ғ ы  
N 2 Қосымша

Тұрғынқұрылысбанкі Басқармасының

Құрамы

Сағындықова М.О. - Тұрғынқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы -  
п р е з и д е н т і

Бутин Е.М.            - Басқарма Төрағасының орынбасары - Тұрғын үй  
құрылысы банкінің атқарушы директоры

Қасенов Қ.Т.            - Тұрғынқұрылысбанкі Басқармасы төрағасының  
о р ы н б а с а р ы

Мұхаметжанов Б.С.- Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй  
және аумақтарда құрылыс салу министрлігі  
құрылыс экономика жетекші басқармасының  
б а с т ы ғ ы

Дүйсенбеков Ж.О. - Қазақстан Республикасының Құрылыс,  
тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу  
м и н и с т р і н і ң    о р ы н б а с а р ы

Тоқаев О.С.            - Тұрғынқұрылысбанкі Басқармасы төрағасының  
о р ы н б а с а р ы

Андрющенко А.И.    - Қазақстан Республикасы Экономика  
м и н и с т р і н і ң    о р ы н б а с а р ы

Руденко Ю.С.            - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
басқармасының бастығы

*Ескерту. Қосымшаға өзгертулер енгізілген - ҚРМК-нің 1995.11.09. N 1501  
қ а у л ы с ы м е н .*

*ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1997.01.27. N 113  
қаулысымен.*